

Лисаков қаласының әкімшілік аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 246 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 тамызда № 23807 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 05.05.2025 № 114 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Лисаков қаласының әкімшілік аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары бекітілсін.

2. "Лисаков қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Лисаков қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лисаков қаласының әкімі

А. Ибраев

Лисаков
қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 26 шілдедегі
№ 246 қаулысына
қосымша

Лисаков қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

				Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұксас тауарлар
--	--	--	--	--

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	(Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері) ескерілген қызмет саласы
1	Труд көшесі, № 6А құрылыстың жанында	38	5 жыл	Азық-түлік өнімдері (сүт өнімдері, көкөністер, жемістер, жидектер) , киім, аяқ киім, жақын орналасқан инфрақұрылым - " Леал" сауда үйі
2	Верхнетобольская көшесі, № 4 құрылыстың жанында	126	5 жыл	Азық-түлік өнімдері (сүт өнімдері, ет, жартылай фабрикаттар, көкөністер, жемістер), жақын орналасқан инфрақұрылым - " Океан" кафесі
3	2 шағын ауданы, № 32 құрылыстың жанында	219	5 жыл	Азық-түлік өнімдері (көкөністер, жемістер, жидектер) , қолдан жасалған бұйымдар, жақын орналасқан инфрақұрылым - " Довлан" базары
4	Октябрь кенті, Алматинская көшесі , № 31 үйдің жанында	12	5 жыл	Азық-түлік өнімдері (көкөністер, жемістер, жидектер) , жақын орналасқан инфрақұрылым - " Анара" сауда үйі
5	"Урожайное-1" тұтынушылар кооперативі жанында	12	5 жыл	Көкөністер, жемістер, жидектер, жақын орналасқан инфрақұрылым - " Дарья" дүкені
6	"Урожайное-2" тұтынушылар кооперативі жанында	12	5 жыл	Көкөністер, жемістер, жидектер, жақын орналасқан инфрақұрылым - " Дарья" дүкені

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК